


“Кредиттік оқыту технологиясы”

Орындаған : Аманқылышова Қамажай


Әбутәліп Аяжан

Қабылдаған : Синбаева Г. К



Кредиттік жүйе – әлемдегі білім беру саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес жүйенің бірі. АҚШ-тағы журналистика мектептерінің студенттері еншісіне тиген пәндерді тиімді пайдалана алады. Бізде, әлі күнге дейін студенттер кредиттік жүйе бойынша өздеріне тиісті сабақтарды толығымен меңгермеді. Оған себеп, біріншіден, әрбір факультет өздерінің кредит санын өздеріне сақтағанын қалайды. Мәселен, олар өздерінің кредит санын өзгелерге берсе, өздерінде сағат саны азаяды. Сондықтан осыған қызығушылық мүдделі болып отыр. Екіншіден, пән тандау мәселесіне келетін болсақ, арнайы бір салалық сабақта қалыптасқан студент саны болады. Яғни, 65 студентті 13 баладан бөліп 5 топ жасайды. Негізінен, бұл жұмыстармен компьютерлік тіркеу бөлімі айналысады, олар студенттер санының асып кетпеуін, немесе жетпей қалмауын бақылап отырады.

1 СЕНТЯБРЯ

A parchment scroll with a quill pen and an inkwell, set against a golden background. The scroll is unrolled, showing a large area of text. The quill pen is positioned at the bottom left, and the inkwell is next to it. The background is a textured, golden surface.

Бөлінген 5 элективті пәндерді сақтау барысында жүйе дұрыс жұмыс жасауы қажет. Компьютерлік базаларда жүйелілік керек, ол болмаған жағдайда студенттер тарапынан түсініспеушіліктер туындайды. Үшінші, студенттер элективті пән таңдау кезінде сабақ атауына емес, оқытушыларына қарап таңдап жатады. Сондай мезеттерде студенттерді өзге оқытушылардың айлық сағаты үшін еркінен тыс бөлетін кездерде аз емес. Білім жүйесіндегі нақты салалық айқындылықтың жоқтығы.

Кредиттік оқыту жүйесін енгізудің мақсаты – студенттердің кәсіби дайындық деңгейін арттыру, олардың жеке шығармашылық қабілеттіліктерін жан-жақты дамыту, қажет болған жағдайда студенттерге жақын және алыс шетел жоғары оқу орындарына кедергісіз ауысу мүмкіндігін беру.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін академия оқу үдерісін толығымен реформалады, осылайша оны жаңа жоспарлаушы және реттеуші құжаттамамен қамтамасыз етті. Атап айтсақ, оқу жоспарларына міндетті және элективті пәндер жүйесі енгізілді. Оқу жоспарына кіретін пәндердің жалпы көлемінің 40% астамын элективті пәндер құрайды.

Таңдау еркіндігі кредиттік оқыту жүйесінің негізгі артықшыларының бірі болып табылады: студенттер оқытушыларды таңдау мүмкіндігіне ие болады, және де білім траекториясын өздері қалыптастыра алады. Осыған орай типтік және жұмыс жоспарларымен қатар білім мазмұнын, оқыту ұйымдастырылуын анықтайтын білім алушылардың жеке оқу жоспарлары (Curriculum) енгізілді.

Presentation Title

Your company information

POWERPOINT

Кредиттік оқыту жүйесі аясында оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеу кредитпен өлшеніп оқытылатын материал көлеміне қарай жүргізіледі.

Бакалавриатта 1 кредит 15 апта (семестр) бойы студенттің өзіндік жұмысының (СӨЖ) 2 сағатына мен аудиториялық жұмыстың 1 академиялық сағатына тең. Осылайша, кредиттің еңбек сыйымдылығы 45 академиялық сағатқа (15 сағат аудиторияда, 30 сағат – СӨЖ) тең.

Студент бір семестрде 12 – 18 кредит, бір жылда 24 – 36 кредит жинауы керек.


4 жыл ішінде бакалавр 128 кредит, ал магистрант 6 жыл ішінде 176 кредит жинайды.

Кредиттік оқыту жүйесі қолданылған оқыту үдерісі келесі формаларда ұйымдастырылған: аудиториялық сабақтар (дәрістер, тәжірибелік сабақтар), зертханалық сабақтар, студиялық сабақтар.

Білім алушылардың оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы (БООЖ) – әлем тәжірибесінде қабылданған Office Hours терминінің аналогы. БООЖ мақсаты – студентке аудиториялық сабақтар материалы бойынша, СӨЖ қосымша тақырыптары бойынша жеке кеңес алуға, оған қоса курстық жобаларды, есептеу-графикалық және бақылау жұмыстарын орындауға мүмкіндіктер туғызу.

Кредиттік жүйе оқытушы мен студентті тығыз байланыстыратыны рас. Бірақ, оқытушының студенттің білімін бағалау кезінде түрлі келеңсіз оқиғаларға тап боламыз. Бар тағдырымызды балға байлап қоятын жүйеге деген өкпем қара қазандай. Әр студенттің емтиханнан алған бағаларын офис-регистратор компьютерге енгізіп отырады. Алайда, кейде енгізілмей де қалатын сәттер аз емес. Неге десеңіз, жақсы тапсырдым деген студенттің өзі өтпей қалып, кредит төлеп жатады. **Кредиттік жүйемен оқу** – пара алуға әкеп соғады дейді. Әрине, көпке топырақ шашқан дұрыс емес, десек те «жел болмаса шөптің басы қимылдамайды» демекші, жоғары оқу орындарындағы белең алып жатқан паракорлық, жемқорлықты қатаң қадағалаған дұрыс.





Жоғары оқу орнында оқыту үрдісінде кредиттік жүйені енгізудің негізгі мақсаты жастарға білім беру жұмысын жетілдіру болып табылады. **«Кредит»** ұғымының ешқандай қаржылық мазмұны жоқ, аталған ұғым жоғарғы оқу орындарында оқылатын әрбір пәннің еңбексыйымдылығын мөлшерлеу және студенттің оқу жұмысын өлшеу үшін қолданылады. Еңбексыйымдылық аудиториялық сабақтарда және студенттің өздік білім алуында белгілі бір оқу жұмысын орындауға жұмсалатын уақытты сипатайтын көрсеткіш ретінде қабылданады. Оқу кредиті пәнді оқып үйренуге қажетті еңбектің жұмсалудың бірлігі болып саналады.




Кредиттік оқу жүйесінің оңтайлы деп табылған құрылымын біз мына түрде көре аламыз:

1. Оқыту жұмысын ұйымдастыруға профильдік тұрғыдан келу. Жоғары оқу орнындарында көптеген мамандықтар бойынша бірнеше бакалавр бағыттарына сәйкес мамандар дайындалады. Әр мамандықтың оқу бағдарламасының әр түрлілігі абитурагенттің мамандықты дұрыс таңдай алуына қиындық туғызады. Сондықтан, бірінші курсқа студентті қабылдағанда мамандық немесе бакалавр бағытына сәйкес емес профильдік тұрғыдан келуді іске асырған жөн деп есептейміз. Профильдік оқу бір немесе екі жыл болуы мүмкін. Осы уақыт ішінде студенттер іргелі базалық білім беретін пәндерді меңгереді. Профильдік оқу кезінде студент болашақ мамандығын саналы түрде түпкілікті таңдай алады. Белгілі бір профильдегі студенттер тобынан бакалавр бағыттары айқындалады. Осы бакалавр бағыттары бойынша магистр және мамандарды дайындайтын оқу бағдарламасы жасалады. Профильдік дайындықтан өткен студенттер мамандық алу мақсатында өзі оқып жүрген немесе еліміздің кез-келген оқу орындарында білімін жалғастыра алады.


2. Оқу үрдісін ұйымдастырудың сызықтық емес түрлерін қолдану. Профильдік оқу үрдісі кезінде студенттің ары қарай теориялық және практикалық білімін жетілдіру мақсатында негізгі білім алу кезеңіне өтер алдында пәндерді таңдап алу мәселесіне ерекше назар аудару керек. Өйткені таңдап алған пәндер студенттің келешек таңдаған мамандығын меңгеру үрдісіне әсер етеді. Аталған оқу бағдарламалары оқытудың вариативтік принципін іске асырады. Студент немесе магистрант өзінің мүмкіншіліне сәйкес бағдарламамен жұмыс істейді. Бұл оқытудың оңтайлы білім алу траекторияларының болуын қаматамасыз етеді.



3. Оқу процесін модульдік түрде ұйымдастыру. Оқыту үрдісін кредиттік жүйеде ұйымдастыру оқытуды модуль әдіспен іске асырудың артықшылығын дәлелдеп отыр. Модульдік оқыту кезінде құрылымы және мазмұны өзара байланысқан тақырыптар жекелей топталады және әрбір осындай топтарға балл түрінде рейтингтер тағайындалады. Осы баллдардың мөлшеріне сәйкес әрбір модуль кредит санымен өлшенеді. Студент модульдегі оқу материалдарын меңгере алса соған сәйкес кредит жинай алады. Модульдік пәнаралық байланыс принципіне сәйкес құрса оның дидактикалық мәні күрт артады еді. Егер белгілі бір мамандық бойынша аталған пәндер қатар жүретін болса, интеграциялап оқыту іске асады және бұл жағдайда пәндердің оқу материалдарын студенттер жеке дара емес бір-бірімен байланыстыра меңгерер еді. Жоғары оқу орындарындағы оқу пәндерін интеграциялап оқыту бірнеше мақсатты көздейді: студенттердің оқып үйренуге қажетті оқу материалдары ықшамдалады; қоршаған орта туралы білімдер жүйесінің тұтастығы нәтижесінде оқу үрдісінің тиімділігі артады және оқу үрдісінің жандануына бірден бір себеп болатын оң педагогикалық-психологиялық атмосфера орнайды.



4. Оқу процесінің нәтижелерін тексеру әдістерін жетілдіру. Оқушы жастардың білімін, шеберлігін және дағдыларын тексеру біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оқушы немесе студент білімін объективті түрде бағалау арқылы тұлғаның өзін-өзі және қоршаған ортасын силай білуін, өз орнын табуын, өзінің іс-әрекетіне сын көзбен қарауды, ұжымда оң психологиялық ахуал тудыруды, білім алуға деген ынтасының күшеюін қамтамасыз етеді. Тәлімгердің білім сапасын тексеру арқылы оның белгілі бір оқу материалын меңгерудегі жетістіктері мен кемшіліктерін сынай отырып бағалауды, сойтіп оның оқу жұмысын жүйелі және жүйелілікпен қайта құруын іске асырады. Сөйтіп жеке тұлғаның білім сапасын тексеру үрдісі онда жоспарлы жұмыс істеу, жауапкершілік, тәртіптілік, саналылық, алға ұмтылушылық, нәтижелілік сияқты қасиеттерді тәрбиелейді.



Білім алушы тұлғаның білімін бағалау жүйесін жетілдіру жалпы оқу үрдісінің жағдайын жақсартуға тікелей әсер ететіні белгілі. **В. С.Аванесов бұл мәселеге қатысты былай дейді:** *“Әлемде білім беру жүйесін реформалау мақсатында жасалған көптеген жұмыстардың қомақты нәтижелер бермеу себебінің негізгісі аталған реформалардың білімді бақылау және бағалау жүйесінің жетілмеуі болып табылады”.*

Жоғарғы оқу орындарының кредиттік жүйеде жұмыс жасай бастауына орай білімді тексеру және бағалау технологияларын жетілдіру мәселесі де бірінші кезекке шықты. Сызықтық оқыту жүйесінде қолданылып келген студенттердің білім сапасын тексерудің рейтингтік және тестік әдістері оқытудың кредиттік жүйесінде кең түрде қолданылу өз артықшылықтарын дәлелдеп отыр. Студенттің білімін бағалаудың бұрын қолданылып келе жатқан дәстүрлі әдістері рейтингтік-тестік әдістермен үйлестіріле қолданылса жоғарғы оқу орындарындағы оқыту және оқу үрдістері жоғарғы дәрежеде болатыны сөзсіз.

Инновациялық процестерді енгізу

Инновациялық процестер

**КРЕДИТТІК ОҚЫТУ
ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ**

**ДУАЛДЫ ОҚЫТУ
ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ**

**инклюзивті білім
беру**

**МОДУЛЬДІ
ОҚЫТУДЫ ЕНГІЗУ**

**Мұнай-газ мамандықтары
бойынша РОӘБ жұмысы**

Кредиттік оқыту жүйесіндегі студент

Студентке жаңа талаптардың қойылуы

Компьютерді меңгеру

Интернет жүйесінде жұмыс жасай білуі (электронды пошта, ақпаратты іздестіру)

Психологиялық

Физиологиялық

Өзбеттілік

Тәртіптілік

Ниеттілік

Дәстүрлі оқыту жүйесіне оқитын студенттің айырмашылығы

ЖОО оқытушыларды таңдау мүмкіндігі

Тұлғалық-бағдарлы оқыту

«Бүкіл өмір арқылы» үздіксіз білім

Ақпараттық мәдениетті меңгеру (ақпараттық қоғамда өмір сүруге)

Кез келген географиялық орындарда оқу мүмкіндігі (шексіз)

Оқытудың жеке дара жылдамдығы

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы)



6. Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (кани-кулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;
- 2) академиялық кезең (Term) - үш нысанның біреуін таңдайтын өз білім беру ұйымының еркімен белгіленетін теоретикалық кезең: семестр, триместр, тоқсан;
- 3) академиялық мобильдік – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;
- 4) білім алушының академиялық рейтингі (Rating) – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының оқу бағдарлама пәнін игеру деңгейінің сандық көрсеткіші;
- 5) академиялық деңгей (Degree) – қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже;
- 6) академиялық сағат кесте бойынша оқу сабақтардың (аудиториялық жұмыс) барлық түрлері немесе жеке бекітілген графика бойынша білім алушылардың оқытушымен байланыс жұмысының уақыты.



Кредиттік оқыту технологиясы мыналарды көздейді:

- 1) білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән бойынша еңбек шығынын бағалау үшін кредиттер жүйесін енгізу;
- 2) білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін элективтік пәндердің каталогына енгізілген таңдауы бойынша пәндерді олардың таңдау еркіндігі;
- 3) білім алушылардың оқытушыларды таңдаудағы еркіндігі;
- 4) білім алушылардың білім траекториясын таңдауына ықпал ететін эдвайзерлерді оқу үдерісіне тарту;
- 5) оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану;
- 6) білім беру бағдарламаларын меңгеруде білім алушылардың өзіндік жұмыстарын жандан-дыру;
- 7) оқу үдерісін ұйымдастыруда факультетке (бөлімге) және кафедраларға академиялық еркіндік беру, білім беру бағдарламаларын қалыптастыру;
- 8) әрбір оқу пәні бойынша білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану. Білім алушылардың оқудағы жетістіктері (білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреті) 100 балдық шкала бойынша және төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес әріптік жүйемен бағаланады (оң бағалар А-дан D-ға дейініазаю арқылың, ”қанағаттанарлықсыз” – F).



Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

21. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңдерінен, демалыстардан және практикалардан тұрады.

Академиялық кезең нысанына байланысты ұзақтығы семестр үшін 15 апта, триместр үшін 10 апта, және тоқсандық үшін 8 апта.

Аралық аттесттау кезеңінің ұзақтығы кемінде 1 апта.

Білім алушыларға әр бір академиялық кезеңнен каникулдар беріледі, оқу жылындағы кани-кул уақытының ұзақтығы 7 аптадан кем болмауы керек.

22. Бітірушілер курсы есепке алмағанда ұзақтығы 6 аптаны құрайтын қосымша оқыту қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, өзге ЖОО-лармен келісе отырып оқу пәндерін оқу және білім алушылардың өз ЖОО-сында міндетті түрде қайта сынақ тапсыра отырып несиелерді игеру үшін жазғы семестрді енгізуге жол беріледі.

23. Профессорлық-оқытушылық құрамының оқу жүктемесін жоспарлау дәрісханалық оқу сабақтарын кесте бойынша немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген график бойынша оқытушының білім алушылармен байланыс жұмысының уақытын білдіретін академиялық сағаттармен жүзеге асырылады. Бір академиялық сағат дәрісханалық сағаттың 50 минутына тең. Студиялық және зертханалық сабақтар, сондай-ақ дене тәрбиесінің сабақтары, студиялық сабақтар үшін академиялық сағат тиісінше 75 минутқа тең, немесе зертханалық сабақтар мен дене тәрбиесі сабақтары үшін 100 минут.

Білім алушылардың практикасының барлық түрлерінің, ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір академиялық сағаты, қорытынды мемлекеттік аттестаттау 50 минутқа тең.



31. Оқу сабақтары басым түрде белсенді шығармашылық нысандарда жүргізіледі (кейс-стади, іскерлік ойындар, тренингтер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, семинарлар).

32. Кредиттік технологияны оқыту кезінде оқу сабақтарының кестесін, оқу пәнін оқытушы құрайды, жеке білім беру траекториясын қамтамасыз етуде және оқытушыларды таңдауды мақсаттардағы қорытынды жасайды.

Оқу сабақтары төмендегідей ұйымдастырылады:

- 1) күндізгі бөлімде білім алушылар үшін – бір немесе екі ауысымда сағат 8.00-ден 18.30-ға дейін;
- 2) кешкі білім алушылар үшін – бір ауысымда сағат 19.00-ден 22.00-ге дейін;
- 3) сырттай білім алушылар үшін – бос дәрісханаға байланысты бір күн ішінде сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін.

33. Оқытылатын пәндерді және оқытушыларды таңдауды қамтамасыз ету мақсатында кредиттік технологиямен оқытындардың оқу сабақтарының кестесі оқу пәндері мен оқытушылар шамасына қарап құрастырылады.

34. Академиялық лектер және топтар аталған пәнге және аталған оқытушысына жазылған білім алушылардың саны жеткілікті және жеткілікті деңгейге жетістіктер оның табыстылығының болу қағидасы бойынша қалыптасады.

Академиялық лектердің және топтардың толығыуы білім беру ұйымдарымен дербес анықталады.

35. Білім алушылардың кредиттік технологиядағы өзіндік жұмысы екі бөлімге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыс (ОБӨЖ) және бірыңғай өзі орындайтын жұмыс (ӨБӨЖ – БӨЖ).

БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушылардан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.



39. Ақылы негізде білім алушы төлем қабілеттілігіне, оқу түріне тәуелді, тиісті деңгейдегі оқу бағдарламаларын игеру үшін жеке қабілеттілігін өзінің ЖОЖ-да аз мөлшеріндегі кредиттермен қалыптастыруға болады, сонымен қатар оқу мерзімін ұзартуға болады.

40. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін жекелеген оқу пәндерін басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шет елдерде оқи алады.

41. Оқытушы ағымдық және аралық бақылау және білім алушының ағымдағы бағасына сәйкес үлгерімінің барлық түрлерін жүргізеді (ағымдағы орташа арифметикалық бағасы және аралық бақылау). Сонымен қатар білім алушының оқудағы жетістіктері, орындаған тапсырмалары ережеге 100 балдық көрсеткішпен бағаланады.

42. Оң қорытынды баға тиісті пән бойынша белгіленген кредит санымен игерілген кредиттерді толықтыруға негіз болады және білім алушының транскриптіне жазылады. Білім алушылар қорытынды бақылаудан (емтиханнан) “қанағаттанарлықсыз” деген баға алған жағдайда пән бойынша қорытынды баға есептелмейді.

43. Қорытынды бақылауда қанағаттанарлық бағаны көтеру мақсатында осы аралық аттестаттау кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

44. Оң бағаны алу үшін білім алушылар келесі академиялық кезеңдердің бірінде немесе жазғы семестрде ақылы түрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

45. Бір кредиттің құны оқудың бекітілген құны арасындағы қатынаспен және оқытудың барлық бағдарламаларын игеру үшін білім беру ұйымының орнатылған кредиттер санымен есептелінеді.



46. Аралық аттестаттаудың қорытындылары бойынша барлық емтихандарын “А”, “А-”, “В”, “В-” бағаға тапсырған жағдайда, мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім беру гранты бойынша білім алушыларға стипендия тағайындалады..

47. Толық көлемде курс бағдарламасынан өткен, өту балының жинай алмаған білім алушыларға өзінің орташа үлгерім балын (GPA) жоғарылатуы үшін жазғы семестрде белгілі бір пәндерді (мемлекеттік емтихан тапсырылатын “Қазақстан тарихы” пәнінен басқа) белгіленген тәртіп бойынша ақылы түрде қайта оқуына және сол пәндерден қайта емтихан тапсыруына мүмкіндік беріледі.


48. Оқу жылының қорытындылары бойынша жаздық семестр нәтижелерін есепке ала отырып өту балын жинай алмаған білім алушылар оқу курсына қайта оқуға қалдырылады. Оқу курсына қайта қалдырылған білім алушылар бұрын қабылданған жеке оқу жоспары немесе жаңа жеке оқу жоспары бойынша білім ала алады немесе жаңа жеке оқу жоспарын жасайды.

49. Қайта оқу курсына қалдырылған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын білім алушы әрі қарай оқу кезеңіне білім беру грантынан айрылады





Кредиттік оқыту технологисының құрамдас бөліктері



Күтілетін нәтиже

Студенттің кәсіби шеберлігін арттыру арқылы білім сапасын жоғарлату, бәсікеге қабілетті мамандарды дайындап, шығару.

Сөз түйіні, заман талабына сай елімізге келген кредиттік жүйеге қазақ студенттері әлі жүз пайыз дайын емес! Бізге уақыт және тәжірибе керек. Негізінен, ЖОО-ның қай факультеті болмасын студенттерге бірінші курстан бастап кредиттік жүйенің мақсат- міндеттерімен таныстырып, білім алушы жастардың болашақта еңбек процесіне араласқан кезде қажет болатын пәндерді өз еркімен таңдау құқықтарының барын түсіндіруі керек. Бізде арнайы базалардың оқу-құрал жабдықтарының толықтай қамтылмауының әсерінен шетелдік дәрежеге жете алмай отырмыз.



Қолданылған әдебиеттер:

1. С.Рахиева, «Иновациялық тәсілдер негізінде», Қазақстан мектебі, 2013 ж, №8.
2. А.Жүсіпова, «Білімдегі жаңалықтар», ақпаратты-әдістемелік журнал, 2012 ж, №4.
3. С.О.Шулова, Новое время – новые формы методической работы. Методист, 2006, №3.
4. Чернилевский Д.В. Дидактические технологии в высшей школе. – М.: Юнити, 2002. – 438 с.
5. Аванесов В.С. Композиция тестовых заданий. – М.: АДАПТ, 1998.
6. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі.



A golden scroll with a textured surface, partially unrolled, set against a white background. The scroll is tied with four golden bands, two on each side. In the center of the unrolled portion, the text "НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!" is written in a bold, red, serif font.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**